



Шаруа уайымын қалай сейілтеміз?

4-бет



Автобус парктері жүргізушіге жарымайды

7-бет



Тағдыр шыңдаған туғы

11-бет

EGEMEN QAZAQSTAN

Мемлекетшілдік мінбері

7 АҚПАН 2024 ЖЫЛ, СӘРСЕНБІ №26 (30755)

www.egemen.kz

E-mail: info@egemen.kz

FACEBOOK.COM/EGEMENKZ

TWITTER.COM/EGEMENKZ



РЕСМИ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің аумақтарын санитариялық қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы

2021 жылғы 28 мамырда Минскіде жасалған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің аумақтарын санитариялық қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісім ратификациялансын.

Қазақстан Республикасының Президенті
Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2024 жылғы 6 ақпан
№ 59-VIII ҚРЗ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

О.А. Бектенов туралы

Олжас Абайұлы Бектенов Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі болып тағайындалсын, ол бұрынғы атқарған лауазымынан босатылсын.

Қазақстан Республикасының Президенті
Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2024 жылғы 6 ақпан
№ 447

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

М.Ә. Нұртілеуді тағайындау туралы

Мұрат Әбуғалиұлы Нұртілеу Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Сыртқы істер министрі лауазымына тағайындалсын.

Қазақстан Республикасының Президенті
Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2024 жылғы 6 ақпан
№ 448

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Р.Ф. Жақсылықовты тағайындау туралы

Руслан Фатихұлы Жақсылықов Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі лауазымына тағайындалсын.

Қазақстан Республикасының Президенті
Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2024 жылғы 6 ақпан
№ 449

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Е.С. Сәденовті тағайындау туралы

Ержан Сапарбекұлы Сәденов Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі лауазымына тағайындалсын.

Қазақстан Республикасының Президенті
Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2024 жылғы 6 ақпан
№ 450

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Ғ.Т. Қойшыбаевты тағайындау туралы

Ғалымжан Тельманұлы Қойшыбаев Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Үкімет Аппаратының Басшысы лауазымына тағайындалсын.

Қазақстан Республикасының Президенті
Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2024 жылғы 6 ақпан
№ 451

Үкіметке үлкен міндет жүктеледі



Суретті түсіріп берген – А. ДҮЙСЕНОВА

Апта басында отставкаға кеткен Үкіметтің жаңа құрамын жасақтау ісі Премьер-министр лауазымына кандидатураны бекітуден басталды. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевқа Парламент Мәжілісі және «Аманат» партиясының төрағасы Ерлан Қошанов осы партия атынан Премьер-министр қызметіне Олжас Бектеновтің кандидатурасын ұсынды.

Абай АСАНКЕЛДІҰЛЫ, «Egemen Qazaqstan»

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісіндегі саяси партиялар фракцияларының жетекшілерімен кездесу өткізіп, Конституцияның 44-бабына сәйкес Премьер-министр лауазымына ұсынылған Олжас Бектеновтің кандидатурасы жөнінде фракция басшыларымен кеңесуге тиіс екенін айтты.

Талқылауға «Аманат» партиясы фракциясының жетекшісі Елнұр Бейсенбаев, Қазақстан Халық партиясы фракциясының жетекшісі Магеррам Магеррамов, «Ақ жол» партиясы фракциясының жетекшісі Азат Перуашев, Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы фракциясының жетекшісі Асхат Рақымжанов, «Ауыл» партиясы фракциясының жетекшісі Серік Егізбаев, «Respublica» партиясы фракциясының жетекшісі Айдарбек Қожаназаров қатысты.

Осыдан кейін Парламент Мәжілісінің пленарлық отырысына қатысқан Президент Қазақстанды озық елге айналдыру қажеттігін айтып, бұл жай ұран емес, нақты жоспар екенін атап өтті.

Батыл шаралар қабылдау қажет

«Баршаныңа мәлім, бүгінгі Қазақстан – халықаралық қоғамдастықта абырой, беделі бар мемлекет. Бұл еліміз үшін зор жетістік деп

сеніммен айтуға болады. Шетел саясаткерлері және сарапшылары Қазақстан Орталық Азияда әлеуметтік-экономикалық даму қарқыны және жалпы экономиканың көлемімен көш бастап тұрғанын мойындайды. Бірақ біз еліміздің әлеуетін одан әрі арттыруымыз керек. Бұл – алдымызда тұрған биік мақсат. Сондықтан босаңсуға болмайды. Басқа сөзбен айтқанда, ұзақмерзімді стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу үшін мұның бәрі жеткіліксіз екені анық. Қазақстанды озық елге айналдыруымыз керек. Бұл – жай ұран емес. Бұл – біздің нақты жоспарымыз.

Бізге керекті – дамудың сара жолы. Сондықтан түбегейлі саяси реформалар жүргізумен қатар, еліміздің қоғамдық-экономикалық өмірінде терең өзгерістер жасау үшін батыл шаралар қабылдауымыз қажет. Ең бастысы, барлық іс-әрекетіміз әділетті Қазақстан құру қағидатына сай болуға тиіс. Алдымен еліміздің әлеуметтік-экономикалық саясатына жаңа серпін беру керек, яғни экономиканың барлық саласын дамыту, ынталандыру жолдары мен алдағы міндеттерді қайта қарау қажет. Түптеп келгенде, мемлекет енді үздіксіз қолдау шараларынан нағыз сапалы дамуға қолғабыс ету ісіне түбегейлі көшуі керек. Бұл жұмысты сөз жүзінде емес, іс жүзінде орындайтын уақыт жетті», деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Салық және Бюджет кодекстері, Мемлекеттік сатып алу, сондай-ақ Мемлекет пен жекеменшік әріптестігі туралы заңнамалар мүлде жаңа сипатқа ие болғанына назар

аударып, мұның бәрі Жаңа экономикалық саясатты жүзеге асырудың мықты тірегі болуға тиіс екенін жеткізді.

«Осылайша, біз озық даму жолына түсіп, ұлттық экономиканы шын мәнінде жаңа деңгейге шығарамыз. Қазір еліміздің Салық және Бюджет кодекстері Мемлекеттік сатып алу және мемлекет пен жекеменшік әріптестігі туралы заңнамалар мүлде жаңа сипатқа ие болды. Соның бәрі мен жариялаған жаңа экономикалық саясатты жүзеге асырудың мықты тірегі болуға тиіс. Сонымен қатар алдымызда тариф саясатындағы кедергілерді жою, агросекторды қайта жандандыру, әлеуметтік саланы басқару мен қаржыландырудың тиімді тәсілдерін әзірлеу міндеті тұр.

Бұл жерде, әрине, ең алдымен, Үкімет маңызды рөл атқаруға тиіс. Жаңа қарқынмен жұмыс істеу қажет. Маңызды шешімдерді шұғыл қабылдап, көп сөзбай, шешуші қадамдарды жасауы керек. Үкімет өз қызметінде кәсібилік, жауапкершілік, жеделдік және бастамашылдық сияқты қасиеттерді ұштастыруға тиіс. Үкімет экономиканы халқымыздың игілігі үшін ынталандыруға және әртарапандыруға бағытталған батыл әрі табанды шешімдер қабылдауы қажет. Бұл міндеттің маңызы зор және ол стратегиялық сипатқа ие», деді Мемлекет басшысы.

Президент жаңа экономикалық жағдайды ескеріп, кез келген қауіп-қатерге төтеп беру үшін Үкіметтің өзі де толық қайта жандануға дайын болуға тиіс екенін атап өтті. Соның арқасында өзекті мәселелерге жаңа көзқараспен қарап, нағыз реформаторлық шешімдер қабылдауға тиіс.

«Жалпы, Үкіметтің жұмысына жаңа серпін беру қажет деп ойлаймын. Бүкіл қоғамның күтіп отырғаны осы. Сол себепті кеше Әлихан Смаиловтың отставкасы туралы өтінішін қабылдадым. Әлихан Асханұлының басшылығымен Үкімет ел экономикасында және әлеуметтік салада тұрақтылықты қамтамасыз етті. Қарқынды дамуға қажетті маңызды қадамдар жасады.

Өткен жыл экономикалық даму тұрғысынан жақсы көрсеткіштермен аяқталды. Қазір алдымызда өте ауқымды, биік мақсат тұр. Сондықтан дереу жұмысқа кірісу қажет. Егер біз бес жылдан кейін экономикамызды екі есе ұлғайтамыз десек, жаңа экономикалық модель қажет. Әлеуметтік экономикалық дамуға жаңа көзқараспен қарау керек. Соған байланысты Үкіметтің қаржы-экономикалық блогі өзгереді. Жаңа тұлғалар тағайындалады», деді Қ.Тоқаев.

Мемлекет басшысы сөзін қорытындылай келе, «Аманат» партиясы ұсынған кандидатты Мәжілістегі партиялар фракцияларының жетекшілерімен талқылағаннан кейін ортақ шешімге келгенін айтып, Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 3-тармақшасына сәйкес Премьер-министр лауазымына тағайындауға келісу үшін Олжас Бектеновтің кандидатурасын ұсынды.

(Соңы 3-бетте)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

А.А. Дәдебаев туралы

Айбек Арқабайұлы Дәдебаев Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысы болып тағайындалсын, ол бұрынғы атқарған лауазымынан босатылсын.

Қазақстан Республикасының Президенті
Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2024 жылғы 6 ақпан
№ 452

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

А.Н. Есқараевты тағайындау туралы

Азамат Несіпбайұлы Есқараев Қазақстан Республикасының Әділет министрі лауазымына тағайындалсын.

Қазақстан Республикасының Президенті
Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2024 жылғы 6 ақпан
№ 453

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Т.Б. Дүйсенованы тағайындау туралы

Тамара Босымбекқызы Дүйсенова Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары лауазымына тағайындалсын.

Қазақстан Республикасының Президенті
Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2024 жылғы 6 ақпан
№ 454

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Р.В. Склярды тағайындау туралы

Роман Васильевич Скляр Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары лауазымына тағайындалсын.

Қазақстан Республикасының Президенті
Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2024 жылғы 6 ақпан
№ 455

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

С.М. Жұманғаринді тағайындау туралы

Серік Мақашұлы Жұманғарин Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары лауазымына тағайындалсын.

Қазақстан Республикасының Президенті
Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2024 жылғы 6 ақпан
№ 456

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

М.Т. Такиевті тағайындау туралы

Мәди Төкешұлы Такиев Қазақстан Республикасының Қаржы министрі лауазымына тағайындалсын.

Қазақстан Республикасының Президенті
Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2024 жылғы 6 ақпан
№ 457

Мәди Төкешұлы ТАКИЕВ

Мәди Төкешұлы Такиев 1978 жылы Алматы облысында туған.

Қазақ мемлекеттік басқару академиясын, Д.Қонаев атындағы Гуманитарлық университетті, Халықаралық бизнес университетін бітірген.

Еңбек жолын 2000 жылы Алматы қаласы бойынша Салық комитетінде салық инспекторы болып бастаған. 2000-2019 жылдары салық қызметінде әртүрлі лауазымдарда қызмет атқарған. 2013-2014 жылдары Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Салық және кеден саясаты департаментінің директоры болған. 2019-2020 жылдары Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің орынбасары лауазымында қызмет атқарған. 2020 жылы Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Әлеуметтік-экономикалық мониторинг бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалған. 2023 жылғы наурыздан бастап Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Қаржы және бюджет комитетінің төрағасы.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

А.М. Сәтқалиевті тағайындау туралы

Алмасадан Майданұлы Сәтқалиев Қазақстан Республикасының Энергетика министрі лауазымына тағайындалсын.

Қазақстан Республикасының Президенті
Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2024 жылғы 6 ақпан
№ 458

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

А.Ш. Әлназарованы тағайындау туралы

Ақмарал Шәріпбайқызы Әлназарова Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі лауазымына тағайындалсын.

Қазақстан Республикасының Президенті
Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2024 жылғы 6 ақпан
№ 459

Ақмарал Шәріпбайқызы
ӘЛНАЗАРОВА

Ақмарал Шәріпбайқызы Әлназарова 1971 жылы Қызылорда облысында туған. Алматы мемлекеттік медицина институтын, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетін бітірген.

Еңбек жолын 1994 жылы Қызылорда қалалық балалар ауруханасының қабылдау бөлімінің дәрігері болып бастаған.

1995-2007 жылдар аралығында Қызылорда облысының денсаулық сақтау жүйесінде әртүрлі басшылық қызметтер атқарған.

2007-2013 жылдары Қызылорда медициналық колледжінің директоры болып жұмыс істеген. 2013 жылы Қызылорда облысы әкімінің орынбасары лауазымына тағайындалған. 2014 жылы Қызылорда облыстық мәслихатының хатшысы болып сайланған. 2019-2020 жылдары «Апапат» партиясы Қызылорда облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары болған.

2020 жылғы тамыздан бастап Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

А.С. Сапаровты тағайындау туралы

Айдарбек Сейпілұлы Сапаров Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі лауазымына тағайындалсын.

Қазақстан Республикасының Президенті
Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2024 жылғы 6 ақпан
№ 460

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Ш.С. Әрінов туралы

Шыңғыс Сайранұлы Әрінов Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрі болып тағайындалсын, ол бұрынғы атқарған лауазымынан босатылсын.

Қазақстан Республикасының Президенті
Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2024 жылғы 6 ақпан
№ 461

Шыңғыс Сайранұлы ӘРИНОВ

Шыңғыс Сайранұлы Әрінов 1983 жылы Алматы облысында туған. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін, Қазақ еңбек және әлеуметтік қатынастар академиясын, Азаматтық авиация академиясын бітірген.

Еңбек жолын 2006 жылы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінде департамент офицері болып бастаған. 2008-2022 жылдар аралығында Мемлекеттік күзет қызметінде әртүрлі офицерлік және басшылық лауазымдарда қызмет атқарған.

2022 жылғы қаңтардан бастап Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі бастығының орынбасары – Президенттің күзет қызметінің бастығы.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Б.Б. Мусинді тағайындау туралы

Бағдат Батырбекұлы Мусин Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі лауазымына тағайындалсын.

Қазақстан Республикасының Президенті
Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2024 жылғы 6 ақпан
№ 462

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Ғ.Б. Бейсембаевты тағайындау туралы

Ғани Бектайұлы Бейсембаев Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрі лауазымына тағайындалсын.

Қазақстан Республикасының Президенті
Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2024 жылғы 6 ақпан
№ 463

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Н.С. Байбазаровты тағайындау туралы

Нұрлан Серікұлы Байбазаров Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрі лауазымына тағайындалсын.

Қазақстан Республикасының Президенті
Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2024 жылғы 6 ақпан
№ 464

Нұрлан Серікұлы БАЙБАЗАРОВ

Нұрлан Серікұлы Байбазаров 1975 жылы Талдықорған облысында туған. Қазақ мемлекеттік басқару академиясын бітірген, экономист.

Еңбек жолын 1997 жылы Қазақстан Республикасы Қаржы министрілігі Есептеу орталығының экономисі болып бастап, 2003 жылға дейін әртүрлі лауазымдарда қызмет атқарған. 2003-2011 жылдары «Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамында басшылық лауазымдарда жұмыс істеген. 2013-2016 жылдар аралығында Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрілігінің Экономика салаларын дамыту департаментін басқарған. 2016-2023 жылдар аралығында «Өнеркәсіпті дамыту қоры» және «Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамдарында Басқарма төрағасы болған.

2023 жылғы қазаннан бастап «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Басқарма төрағасы.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Е.Н. Нысанбаевты тағайындау туралы

Ерлан Нұралыұлы Нысанбаев Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрі лауазымына тағайындалсын.

Қазақстан Республикасының Президенті
Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2024 жылғы 6 ақпан
№ 465

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

С. Нұрбекті тағайындау туралы

Саясат Нұрбек Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрі лауазымына тағайындалсын.

Қазақстан Республикасының Президенті
Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2024 жылғы 6 ақпан
№ 466

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Н.М. Нұржігітовті тағайындау туралы

Нұржан Молдиярұлы Нұржігітов Қазақстан Республикасының Су ресурстары және ирригация министрі лауазымына тағайындалсын.

Қазақстан Республикасының Президенті
Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2024 жылғы 6 ақпан
№ 467

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

А.Ғ. Балаеваны тағайындау туралы

Аида Ғалымқызы Балаева Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрі лауазымына тағайындалсын.

Қазақстан Республикасының Президенті
Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2024 жылғы 6 ақпан
№ 468

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Е.Б. Маржықпаевты тағайындау туралы

Ермек Боранбайұлы Маржықпаев Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрі лауазымына тағайындалсын.

Қазақстан Республикасының Президенті
Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2024 жылғы 6 ақпан
№ 469

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

М.К. Қарабаевты тағайындау туралы

Марат Кәрімжанұлы Қарабаев Қазақстан Республикасының Көлік министрі лауазымына тағайындалсын.

Қазақстан Республикасының Президенті
Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2024 жылғы 6 ақпан
№ 470

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

С.Қ. Жақыпованы тағайындау туралы

Светлана Қабыкөкқызы Жақыпова Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі лауазымына тағайындалсын.

Қазақстан Республикасының Президенті
Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2024 жылғы 6 ақпан
№ 471

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Қ.Б. Шарлапаевты тағайындау туралы

Қанат Бисімбайұлы Шарлапаев Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрі лауазымына тағайындалсын.

Қазақстан Республикасының Президенті
Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2024 жылғы 6 ақпан
№ 472

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

А.А. Шаққалиевті тағайындау туралы

Арман Абайұлы Шаққалиев Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрі лауазымына тағайындалсын.

Қазақстан Республикасының Президенті
Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2024 жылғы 6 ақпан
№ 473

Алдымызда айқын
мақсаттар тұр

Мемлекет басшысының Жарлығымен Олжас Бектенов еліміздің Премьер-министрі болып тағайындалды.

Олжас Абайұлы – елдік мүдде жолында жауапты лауазымдарды абыроймен атқарып келе жатқан тәжірибелі мемлекеттік қызметші. Сондықтан ол жаңа қызметке өзіне жүктелген маңызды міндеттерді мүлтіксіз орындайды деп сенеміз және соған тілектестігімізді білдіреміз.

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, қазіргі таңда ел экономикасының алдында айқын мақсаттар тұр. Бұл бағыттағы бас-тамаларды жүзеге асыру үшін батыл шешімдер мен нақты істер

қажет екені де айтылды. Осы ретте Парламент Сенаты Мемлекет басшысының тапсырмаларын сапалы әрі уақтылы орындау үшін Үкіметпен әрдайым қоян-қолтық жұмыс істеуге дайын екенін атап өткім келеді.

Олжас Абайұлын жаңа қызметімен құттықтай отырып, алдағы жұмысына сәттілік және талайым табыс тілеймін!

Мәулен ӘШІМБАЕВ,
Сенат төрағасы

Жаңа министрлерді таныстырды

Премьер-министр Олжас Бектенов Ұлттық экономика, Қаржы, Төтенше жағдайлар және Денсаулық сақтау министрліктерінің жаңа басшыларын таныстырды.

Үкімет басшысы жаңадан тағайындалған Премьер-министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Нұрлан Байбазаровқа ведомство алдында ауқымды және амбициоздық міндеттер тұрғанын атап өтті.

«Ұлттық экономика министрілігін реформалар мен экономикалық серпіліске қол жеткізу бойынша алға қойылған міндеттерді жүзеге асырудағы негізгі күш деп айтуға болады. Бұған қажет барлық ресурстар бар деп ойлаймын. Ең бастысы, министрлікті формализмсыз, бюрократиясыз, қажетсіз жиындарсыз белсенді жұмыс істеуге бағыттағым келеді. Аз сөйлеп, көп іс тындыру керек», деді Олжас Бектенов.

Мәди Такиевті Қаржы министрлігінің ұжымына таныстыру барысында

Премьер-министр ведомствоны мемлекеттік басқарудағы маңызды органдардың бірі екенін атап өтті.

«Сол себепті Мемлекет басшысы да, Премьер-министр ретінде мен де Қаржы министрілігінің барлық бағыт бойынша нақты, белсенді жұмыс атқаратынына сенеміз», деді Олжас Бектенов.

Шыңғыс Әріновті Төтенше жағдайлар министрілігінің ұжымына таныстырып, Премьер-министр ведомство жұмысының негізгі бағыттарын атап өтті.

«Жақында ғана Алматыда Мемлекет басшысы жер сілкінісінен кейін министрлікке нақты сын айтты. Төтенше жағдайлар министрлігінің алдында төтенше жағдайларға жедел әрекет ету және алдын

алу жүйелерін жаңғырту бойынша өте маңызды міндеттер тұр. Президент қойған міндеттерді Шыңғыс Сайранұлы абыроймен орындайды деп ойлаймын», деді Үкімет басшысы.

Олжас Бектенов Денсаулық сақтау министрлігінің ұжымына Ақмарал Әлназарованы таныстыру кезінде оның тәжірибесі мен жоғары кәсіби біліктілігін атап өтті.

Министрліктің алдында денсаулық сақтау жүйесін жаңғырту және одан әрі оның тиімділігін арттыру міндеті тұр.

«Бұл – мемлекеттік саясаттың ең маңызды бағыты. Денсаулық сақтау жүйесін жаңа деңгейге көтеру үшін бәріміз бірігіп жұмыс істеуіміз керек. Біз бұған жан-жақты көмектесеміз», деп түйіндеді Олжас Бектенов.

Премьер-министр Үкіметтің жаңа құрамына еңбеген бұрынғы министрлерге атқарған жұмыстары үшін алғысын білдірді.